

Қамқоршылық кеңесі отырысының №1 хаттамасы

5.01.2022

Қатысқандар:

1. Йулдашева А- кеңес төрайымы
2. Қартпаева М-мүшесі
3. Жолмағанбетова С-мүшесі
4. Карагулов А-мүшесі
5. Бисембаев К-мүшесі
6. Есенов А-мүшесі
7. Бакытжанова Б-мүшесі
8. Акылбекова Н-мүшесі
9. Қаллилаева А-мүшесі

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Қамқоршылық кеңесінің жылдық жұмыс жоспарын талқылау және бекіту.
2. Мектеп директорының 2020-2021 оқу жылындағы жылдық есебі
3. Оқушыларды ыстық тамақпен қамту барысы
4. Бюджеттен тыс түскен демеушілік қаржыларының мақсатты пайдалануы туралы есеп

Тыңдалды:

1-ші мәселе бойынша: Қамқоршылық кеңесінің жылдық жұмыс жоспарын талқылау және бекіту:
Йулдашева А- кеңес төрайымы

Кеңестің жұмыс жоспарымен таныстырып, талқылауға ұсынды. Биылға жоспарда мектептің жалпы материалдық-техникалық базасын қадағалау, мектепте өткізіліп жатқан шараларға белсене қатысу керектігін жеткізді. Сонымен қатар жоспардан тыс шаралар, отырыстар болуы мүмкін екендігін ескертті. Жоспарды талқылап, бекіту қажеттігін жеткізді.

2-ші мәселе бойынша: Мектеп директорының 2020-2021 оқу жылындағы жылдық есебі- мектеп директоры Н.Д.Муханов: « Сарыжар ЖОББМ» КММ 2018 жылы қантар айында ашылған. Мектеп территориясының жалпы аумағы-23732га, мектеп ғимаратының аумағы-4812,0 кв.м Мектеп типтік 3-қабаттан тұратын мекемеде орналасқан. Мектепте жалпы 17 оқу кабинеті бар. Жабдықталған арнайы оқу кабинеттері: 1 физика кабинеті, 1 химия кабинеті, 1 биология, 2 информатика кабинеті, 1 робототехника кабинеті, технология ер балалар үшін 1 кабинет, технология қыз балалар үшін 1 кабинет бар. Сонымен қатар мектепте 1 спорт залы, 1 мәжіліс залы, 1 кітапхана бар. Алғашқы әскери дайындық пәніне арналған 1 оқу кабинеті бар. Мектеп асханасы 108 орындық. Мәжіліс залы – 117 орындық. Барлығы – 553 оқушы. Класс комплекті саны – 28.

Мұғалімдерге тоқталар болсам, барлығы- 74 мұғалім. Жоғары білімді – 65, арнаулы орта білімді – 9, жоғары санатты – 0, бірінші санатты – 2, екінші санатты – 4, педагог-зерттеуші – 16, педагог-сарапшы – 9, педагог-модератор – 1. Мұғалімдер өздерінің біліктілігін арттыру мақсатында курстарға барып отырады және уақытылы аттестациядан өтеді. Сонымен қатар, жетістіктері критерийге сәйкес келетін мұғалімдер мерзімінен бұрын тапсырып, біліктілік санаттарын алып отыр.

2020-2021 оқу жылында эпидемиологиялық жағдайларға байланысты шаралардың барлығы онлайн түрінде өткізіліп, инстаграм парақшасына уақытылы жарияланып отырғандығын жеткізді. Онлайн болса да ата-аналар, оқушылармен тығыз байланыста болып, қажетті заттары соның ішінде маска, материалдық жағдайларына байланысты қажетті заттар алынды. Сарыжар еріктілері қолдарынан маска тігіп, аз қамтылған отбасыларына тегін таратты. Санитарлық нормалар сақталып, барлық шаралар онлайн болды.

3-ші мәселе бойынша: Оқушыларды ыстық тамақпен қамту барысы: әлеуметтік педагог Төлепқалиева Ұ.С: 2021-2022 оқу жылына арналған тегін ыстық тамақпен қамту бойынша жылдық жоспар құрылды. 2021-2022 оқу жылының I жартыжылдығында «Жалпы білім беру қорынан» бөлінген қаржы есебінен тегін тамақпен қамтуға өтініш білдірген оқушылар саны-57. Тегін ыстық тамақты ұйымдастыру бойынша балалардың тізімі алқалы отырыста қаралып, мектебіміздің атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылар мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға және де өзге де санаттағы 1-11 сынып оқушыларының қажетті құжаттары рәсімдеу арқылы жасалды.

8 желтоқсан күні мектеп басшысының бұйрығымен 4 «ә» класс оқушысы Куанова Каринаның Хлебодаровка орта мектебіне ауысуына байланысты ыстық тамақтан алынып, хаттама толтырылды. Қазіргі таңда 56 оқушы тегін ыстық тамақпен қамтылып отыр.










Қаңтар айының басында Шалқар ауданынан көшіп келген 2 оқушыға тұрмыстық акт жүргізіліп, әкімшілік отырыста қаралып, ыстық тамаққа қосылды. Қазіргі таңда жалпы 58 оқушы тегін ыстық тамақпен қамтылып отыр.

Бракераж және мониторинг топ мүшелері ай сайын мектеп асханасына тексеру актісін жүргізеді. Жүргізу барысында асхананың тазалығы санитарлық нормаларға сәйкестігі анықталды.

4-ші мәселе бойынша: Бюджеттен тыс түскен демеушілік қаржыларының мақсатты пайдалануы туралы есеп: әлеуметтік педагог Төлепқалиева Ұ.С

«Сарыжар ЖОББМ»КММ 2021-2022 оқу жылында әлеуметтік педагогтың ұйымдастыруымен «Балаларға қуаныш сыйла!» атты қайырымдылық акциясы өтті. Акцияның негізгі мақсаты: қамқорлықты, мейірімділікті қажет ететін балаларға қуаныш сыйлау. Кластарға қолдан тігілген ойыншықтар жасауға тапсырма беріліп, бұл шараға ата-аналарда тартылды. Акция барысында 60-қа тарта ойыншық жиналып, балаларға ойнауға қолайлы, СЭС талаптарына сай келетін ойыншықтар «Үміт» балалар үйіне табысталды. Сонымен қатар, мұғалімдер өз тараптарынан демеушілік көрсетіп 92500 теңге көлемінде қосымша қаржы жинап берді. 18715 теңгеге « Анвар» супермаркетінен балаларға қажетті тағамдар, 27616 теңгеге қосымша жеміс-жидектер, балаларға қажетті заттар алынды. Жалпы суммасы-46331 теңге.

20000 теңге көлемінде 7 класс оқушысы Досжанов Нұржанның анасының еміне қосымша берілді. 26169 теңге қазіргі таңда ата-аналар комитеті төрайымы Омарова Гүлшат апайдың қайырымдылық шотында тұр

- | | | |
|--------------------|---|------------------|
| 1. Кеңес төрайымы: |  | Йулдашева А |
| 2. Мүшесі: |  | Картпаева М |
| 3. Мүшесі: |  | Жолмағанбетова С |
| 4. Мүшесі: |  | Карагулов А |
| 5. Мүшесі: |  | Бисембаев К |
| 6. Мүшесі: |  | Есенов А |
| 7. Мүшесі: |  | Бакытжанова Б |
| 8. Мүшесі: |  | Ақылбекова Н |
| 9. Мүшесі: |  | Каллилаева А |

Кеңес мүшелері белгіленген мәселелер бойынша сөйлегендерді тындап, мәліметтерді саралай отырып, **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Қамқоршылық кеңесінің жылдық жұмыс жоспары бекітілсін.
2. Оқушыларды ыстық тамаққа құжаттары уақытылы жиналып, ыстық тамақ ішуі қадағалансын.
3. Жалпы бірдей білім беру қорынан бөлінген киімдер уақытылы берілсін.
4. Бюджеттен тыс түскен демеушілік қаржыларының мақсатты пайдалануы қадағаланып, әрі қарай жалғасын

**Қамқоршылық кеңесі отырысының
№2 хаттамасы**

04.04.2022

Қатысқандар:

1. Йулдашева А- кеңес төрайымы
2. Картпаева М-мүшесі
3. Жолмағанбетова С-мүшесі
4. Карагулов А-мүшесі
5. Бисембаев К-мүшесі
6. Есенов А-мүшесі
7. Бакытжанова Б-мүшесі
8. Ақылбекова Н-мүшесі
9. Қаллилаева А-мүшесі

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Оқушыларды медициналық тексеру қорытындысы
2. Әлеуметтік қолдауды қажет ететін оқушыларға көмек көрсету жағдайы
3. Оқушылардың сабақтан тыс бос уақыттарын ұйымдастыру мәселелері

Тыңдалды:

1-ші мәселе бойынша: Оқушыларды медициналық тексеру қорытындысы- мектеп медбикесі Жансая

Сарыжар орта мектебі бойынша жыл басынан бастап балалар жасына байланысты екпелерді, манту сынамасын, 15 жасқа толған жасөспірімдер жасына байланысты флюорографияға тусті.

Соның ішінде флюорографиядан өткен бала саны-29

Манту сынамасын алған балалар-148 балаға жуық алды. Оның ішінде былтырғы вираж балалармен жұмыс жасалды. Кан талдамасы, несеп сынамаcы, рентген тусирілімі, фтизиатр қабылдауында болып, диаскинтест сынамаcы қойылын қалыпты нәтижемен "Д" есептен шығарылды. Жасына байланысты балалар барлық екпелерді алды.

2-ші мәселе бойынша: Әлеуметтік қолдауды қажет ететін оқушыларға көмек көрсету жағдайы әлеуметтік педагог Төлепқалиева Ұ.С.

«Сарыжар ЖОББМ» КММ-да 2021-2022 оқу жылында оқушылардың мектепке келмей қалудың алдын алу үшін аз қамтылған оқушылар үйіне тұрмыстық акт жүргізілді. Акт жүргізу барысында қыстық куртка, аяқ киім қажеттіліктері анықталды.

«Күз сыйы» жәрмеңкесінен түскен қаражаттың бір бөлігі қайырымдылыққа жұмсалды. Жалпы суммасы-50000 теңге.

Досжанов Н 3 класс- қысқы куртка, қысқы аяқ киім

Орынбай А 6 класс- қысқы аяқ киім

Жасұланұлы Н 6 класс- спорттық киім

Жасұланұлы Т 6 класс- спорттық киім

Төлеуов Айбек 9 класс- кроссовка

Осы аталған оқушыларға алынып берілді.

Жеке кәсіпкер Қалилаева Айнур Кошеновна оқушыларға жаңа киілмеген киімдермен демеушілік көрсетті. Соның ішінде ер балаларға арналған шалбар- 2 штук, күзгі аяқ киім, ұлдарға арналған туфли мен кроссовка. Жалпы суммасы-35500 теңге.

Жасұланұлы Н. 6 класс- шалбар

Жасұланұлы Т.6 класс-шалбар










Ералы А. 7 класс- күзгі аяқ киім

3-ші мәселе бойынша: Оқушылардың сабақтан тыс бос уақыттарын ұйымдастыру мәселелері директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасар Керимова С.С.

«Сарыжар ЖОББМ» КММ де балалардың бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында мектебімізде көптеген шаралар атқарылды. Қаңтар айында «Бүгінгі оқушы ертеңгі студент!» тақырыбында студенттермен кездесу кеші өткізілді. Мектебімізді бітіруші түлектер қызықты оқиғалармен, мектеп оқушыларына ақ тілектерін жаудырды. Түрлі ситуациялық сұрақтар қойылып, кеш қызықты өткізілді.

Сонымен қатар «Көңілді тапқырлар алаңы» сайысы өткізілді. Сайысқа мектебіміздің 7-9 класс оқушылары қатыстырылды. Жеңіске жеткен командалар кубокты жеңіп алды.

Ақпан айында «Екі жұлдыз» ән байқауы өткізілді. Байқауға оқушылар ұстаздармен, ата аналармен қатысты. Байқауда жұптар Мұқағали Мақатаевтың және Роза Бағланованың әндерінен сонымен қатар, кино, мультфильм саундтректерін орындап сынға түсті. Жеңіске жеткен жұптар «Екі жұлдыз» кубогын иеленіп, дипломдармен марапатталды.

- | | | |
|--------------------|---|------------------|
| 1. Кеңес төрайымы: |  | Йулдашева А |
| 2. Мүшесі: |  | Картпаева М |
| 3. Мүшесі: |  | Жолмаганбетова С |
| 4. Мүшесі: |  | Карагулов А |
| 5. Мүшесі: |  | Бисембаев К |
| 6. Мүшесі: |  | Есенов А |
| 7. Мүшесі: |  | Бакытжанова Б |
| 8. Мүшесі: |  | Акылбекова Н |
| 9. Мүшесі: |  | Калшилаева А |

Кеңес мүшелері белгіленген мәселелер бойынша сөйлегендерді тыңдап, мәліметтерді саралай отырып, **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Оқушыларды медициналық тексеру қорытындысы жалғасын тапсын.
2. Әлеуметтік қолдауды қажет ететін оқушыларға көмек көрсету үшін демеушілер көбірек тартылсын.
3. Оқушылардың бос уақытын пайдалану мақсатында оқушылардың үйірме, секцияларға қатысуы қадағалансын.